



24-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ТЕОРИЯСЫ. ЭЙЗЕНШТЕЙННЕН ТАРКОВСКИЙГЕ ДЕЙІН

Кино және телевизия





Мақсат: Телевизияның негізгі ұстанымдарымен таныстыру.

Бүгін біз телевизия туралы әңгіме өрбітеміз.

Телевизия өмірімізге ентелеп енгені соншалық, оған қаншалықты бағынышты болып қалғанымызды айғармай да қалдық. АҚШ-та бұл әрдіс тіпті жылдам жүрді. Американың көпшілік баспасөзі өзінің «ұлы аудиториясын» жүз жыл жинады. Кино бұған 3 онжылдығын арнады. Радио — 15 жыл. ТВ — соғыстан кейінгі 6 жылын арнады. Енді, біздің еліміздің мәдениет тарихынан басқа мысал келтірейік.

Алайда, парадокс сол, ТВ мәдениеттің жаппай өріс алуы, бір жағынан шаттанудың, екінші жағынан өткір сынның себебіне айналып отыр. «ТВ — бұқаның көзі». Бұл сөзді айтқан, өзге емес, Жан Коктоның өзі. Мынадай да анықтама бар: «ТВ атом бомбасы секілді қауіпті». Керісінше, Роберто Росселлини телевизияның ағартушылы мүмкіндіктерін танып, мұнысын Христостан Маркске дейінгі жылнаманы қамтитын туындыларының топтамасын шығарып, дәлелдеді де. Кез-келген мәселеге байланысты екі қарсы пікір болады. Мысалы, «телевизия мен спорт» тақырыбын алайық. Джон Кеннеди: «Біз спортшылар ұлты болушы едік, енді, телекөрермендер ұлтына айналдық». Әлемнің экс-чемпионы Анатолий Карпов, чемпион болған шағында, «Правдаға» басылған мақалада былай деген еді: «Теледидар алдында отыру — топастардың шаруасы». Ал, шын мәнінде, «Шахмат мектебі» телевизиялық бағдарламасының арқасында миллиондаған адам шахмат сырына бойлап, мұның өзі адамның жалпы жетілуіне де оң әсер еткен. Каспаров — Карпов сайысын көз алдында көру мүмкіндігін былай қойғанда.

Телевизияға қатысты қарама-қайшы пікірдің болуы ТВ табиғатының қарама-қайшылығында жатыр. Адамның телевизиямен ара-қатынасы – адамның қоғаммен ара-қатынасына тең. Қоғам адамды интеграциялауға күштар, ал, адам өзінің «менін» сақтап қалуға күш салғанымен, өзге адамдармен байланыста болуға мәжбүр. ТВ, бұл қайшылықты шешкен тәрізді: көпшіліктің назары ауады, дегенмен, адам осы жәшікпен оңаша қалады. Адам таңдау өзінде деп қателеседі, таңдалған ол, торапқа қосылған өзі.

«Телеторап» — осы тақырыпқа арналған америкалық фильмнің тақырыбы өте дәл. Телевизия — қоғамдық пікірді қалыптастыру тетігі. Телевизия көзінді ашуы мүмкін, керісінше, суми етуі де ықтимал. Телевизияның үш тағаны бар: ол ақпарат, ағарту, сауық-сайран құралы. Осы үш таған арасындағы баланс жаңа өнер тұрғысындағы ТВ сапасын айқындайды.

Жаңа өнер ретіндегі телевизия табиғаты. Білемін, біреулер «Телевизия өнер ме екен?» деген сұрақ қояды. Бұл бос сұрақ емес. Шын мәнінде, осы мәселенің төңірегіндегі ой-толғамдардың арқасында біз ТВ табиғатын ашып ғана қоймай, қоғамның рухани өміріндегі телевизияның басымдығы айқындалған өнер жүйесіндегі өзгерістерді де танимыз. Есімізге түйрейікші: кино пайда болғанда да осы тектес пікірталастар орын алған. Оның мүмкіндіктерін көпшілігі тани алмады. Олар мұны тек техникалық мүмкін ретінде, қоршаған ортадағы оқиғаны фиксациялап, оны тарату ретінде ғана қабылдады. Ал, өнерге келер болсақ, әуел баста киноны тек театр немесе кескіндеме өнерін репродукциялау ретінде қабылдап, ал, әдеби шығармаға келер болсақ, белгілі шығарманы ойынмен баяндап, сонымен шектелуді, ешқандай көркемдік өзге болмысты дарытпауды талап етті. Ал, кинематограф өз тілін қалыптастырды, монтаж жүйесі, операторлық ой, актердың жаңа бейнелік өнері, яғни, қоршаған ортаны бейнелеудің жаңа тәсілі қалыптасты. Кино өнері жаңа, оныншы муза ретінде бой көтерді. Әрине, киноның техникалық құралдан көркемдік таным тәсіліне ауысуы үшін аз уақыт кеткен жоқ. ТВ-мен де осы тектес үрдіс орын алып отыр. Ол бұқаралық ақпарат құралы ретінде пайда болған. Газет, баяндама жасаушының өзін, радио мен кинохроника мүмкіндіктерін бойына біріктіре алды. Ақпарат құралы ретіндегі ТВ ішінде, оның техникалық базасында телефизиялық өнер феномені орын алуда. ТВ өз арналары бойынша дайын фильмді немесе спектакльді көрсетіп ғана қоймай, өзі де телеспектакль немесе телефильм жасай алады.

Телевизияға қандай анықтама беруге болады? Бұл не? Үйде көретін кино ма? Сауық-сайран ба? Журналистика түрі ме? Жаңа өнер түрі ме? Бірі оны «бір көзді дию» десе, өзгесі - «қиял жәшігі», үшінші біреуі - «ғаламның сегізінші ғаламаты» деп атайды. Бұл – жаңа техника ма, әлде, жаңа эстетика ма? Телевизия бұқаралық бейнеақпарат құралы ғана емес, тұрмыстың ғажайыптарын эстетикалық тұрғыда қайта өңдеп, қашықтан тарата алатын өнердің жаңа түрі. Осы күні телевизия көпшіліктің назарын аудартып, киноны басып озды. Жер бетінде мыңдаған таратушы және ретрансляциялаушы телестансалар бар. Бұл жершарымыздың ғарыштық көрсеткіштерін де өзгертіп отыр. Оның радиосипаттамасы алып жұлдыздарға ұқсап барады. «Ұстанымы әрқиялы сандаған адамды бір арнаға тоғыстыратын өзге наным-сенім, дін жоқ іспетті»*, - дейді француз журналисті П. Рондьер.

Телевизия *бейнеақпарат құралы ретінде* зор әлеуметтік маңызға ие. Телевизиялық шолудың шеңбері кеңейіп отыр. Осы күні жер бетінде, жер астында, су астында, ауада қалықтап, тіпті, ғарышта отырып телехабар даярлауға болады. Телекөз адам көзі көрмейтін дүниелерді көрсете алады. «Мың рет естігенше,



бір көрген артық «. Осы байырғы мәтел теледидардың радио алдындағы артықшылығын, сонымен бірге, неліктен телевизия өзіндік көркемдік-бейнелік құралдарды қалыптастырды деген сұраққа аз-кем жауап беруге болады.

Телевизияның көркемдік және бейнелік ерекшеліктері қандай? Телеэкран бейнені саңылаудан таратады, сол себепті, оның жарық түсіру, композиция заңдылықтары киноэкраннан өзгешелеу. Жарық – телевизиядағы көркемдік құралдық ең күштісі. Затты қабылдау ракурсы, телемонтаж, камераның қоғалысы мен бейнеленген затты жақындату телевизияға зор көркемдік мүмкіндіктер дарытады. Телевизия үшін байыпты, «жасырын» монтаждың күтпеген жерден өзге нысанға ауысып отыруы тән..

Телевизия, фактографиялық болмысына, натураға, хроникаға жақындығына қарамастан, қоршаған ортаны интерпретациялап, іріктеп көрсете алады. Дегенмен, ол адам баласының ойлау қабілетінің стандартизациялау қаупін де жасырып тұр. Бірдей рухани өнімді «көпшіліктің тұтынуы», оның сапасы тәкмен болған күнде қоғам санасында шаблондар мен штамптар тудырады. Буржуазиялық көпшілік мәдениет тап осы телевизияда өріс алғаны сондықтан. Сол себепті, телевизиядалық бағдарламалардың эстетикалық және көркемдік деңгейі жоғары болуы шарт.

Телевизияның ерекшелігі (оны қолданбалы өнермен жақындастыратын) интимдік, үйде оңаша отырып көру мүмкіндігі. Бұл – үйімізге қонақтаған өнер, ол біздің тұрмысымыздың бір бөлшегіне айналды.

Телевизия енді пайда болған шақта С. М. Эйзенштейн өнердің осы түріндегі актердың жаңа сапасы көрініс табатынын болжаған.

Телебағдарламаның мінсіз жүргізушісі - ширақ, «бағдарламаланбаған» және «репетицияланбаған» адам. Ол бағдарлама қожасы, көрермен көз алдында әңгіме өрбітіп, сұхбаттасын ағынан жарылуға сеп болатын адам. Әрине, өнер атаулы зор еңбекті талап етеді. Ақынның әр сөзі жанынан бастау алады. Телебағдарлама да осылайша табиғи қалыпта өрбу керек. Ғалымдар, жаңашылдар, қоғам қайраткерлері – телеэкранға түсетін бәрі белгілі бір кәсіп иесі ғана болып қоймай, өнердің жаңа түріндегі көркем репортаждың тірі бейнесіне айналады.

Телевизияның дарынға қатысты өз критерийлері бар. Телеөнер қайраткері бойына актер, журналист, режиссер қасиеттерін дарытып, салмақты ой өрбітіп, адамдармен еркін сұхбат құрай алатын, тартымды, көрікті, эрудициясы мол болуы керек. Оның азаматтық, публицистік қыры да маңызды. Өкінішке қарай, әзірше, эфирге шығатын мамандардың бәрі мұндай қасиетке ие деуге болмайды.

Телевизияның маңызды эстетикалық ерекшелігі – *«қазір орын алған оқиғаны» тарату, оқиға орнынан репортаж, дәл қазір орын алып отырған тарих иіріміне көрерменді қатысты ету*, бұл жайлы кинохроника тек ертең әңгімелеуі мүмкін, бүрсігүні - әдебиет, театр, кескіндеме өнері. Әзірге тікелей репортаж телевизияда ерекше жағдайларда қолданылады: футбол, мәнерлеп сырғанаушылардың жарысы, ғарышкерлердің кездесуі, мерекелік шерулер мен еңбекшілердің демонстрациясы және т.б. бірақ, тарих мерекелік күндері ғана өрістемейді. Телекамера мен ақылды, тапқыр, импровизацияға жақын комментатордың көзімен өмір ағысына «көз тастау» мүмкіндігі өте құнды. Жасырын телекамераның мүмкіндіктері зор. Ол көшеде ағылған адамдарды, дүкендегі, ғимараттағы, зауыттағы, айлақтағы және т.б. жерлердегі адамдарды сырттай бақылай алады.

Көркем телерепортажда *экран уақыты шынайы уақытқа тең*. Телевизияда хроника қолданған күнде де, көрерменнің орын алып отырған оқиғаға қатысып отырғанын, тап осы сәтте өрбіп жатқан оқиғаны баяндап жатқанын әсерлі түрде таныту керек.

Теледидар біздің көз алдымызға күллі әлемді келтіре алады. Ол көрерменнің күллі халық, күллі ел, күллі адамзат баласының ойлау категорияларымен ойлануына жол ашады. Ол әлем жағдайын талдап, оны тірі бейнелер арқылы жеткізе алады. Осы тектес философиялық саптауларсыз телевизияда классикалық дүние тумауы кәдік. Себебі, философиясыз бір де бір өнер өркен жаймайды.

Телевизия – ірі ақпарат құралы. Оның көркемдік мазмұны да болуы ықтимал. Теледидар – әлемнің көркемдік өміріндегі ірі оқиғаларды ретрансляциялайды.

Ағайынды фантаст жазушылар Стругацкийлер телевизияның әлеуметтік мүмкіндіктері, қаупі мен шапағаты жайлы жазады: «Теледидар троян атына айналып кете алады. Ол орташа білімі бар, қарабайыр адамның данына еніп, оны тоғышар, арамтамақ, бұзағы әрі кісі лтіруші ете алады. Америкадағы өмірді бақылаған Брэдбери көрсеткендей, ақыр соңында ол есірткіге айналуы мүмкін. Сөйтіп, адамды құлға айналдырады. Бірақ, теледидар адам баласының ұлы ұстазына да айнала алады. Бәрі де, айналып келгенде, оның тартымдылық күшіне байланысты. Мұның шапағаты да осы».



Телевизия тілі.

Телевизия екі бастауды шығарды: әңгімелеуші мен жазық композиция. Алғашқысы көпсериялы фильмде пайда болды. Мұнда оқиғаны әңгімелеу міндеті басым. Екіншісі — терең және бірінші план, кадр ішіндегі және кадр сыртындағы әрекетті салғастырудан туындайды.

Телевизия екі түбірлі қасиетін көрсетті: әңгімелеушінің ұмытыла бастаған тұлғасы көрініс тапты, ал, сол орында болу әсері көрерменнің әрекет секілді ойлаудың куәсі болғанынан туындайды. Телевизия адам баласына әмір жүргізетінін В. Шкловский де айтқан. Ол былай депті: біздің заманда өлең қайтадан естумен ғана шектеліп, көруді ойына да алмайды.

Қазақ телевизиясының тарихына байланысты бірнеше дәйек.

60 жыл бұрын қазақстандықтар теледидарды тамашалай бастады. Алғашқыларының қатарында алматылықтар болды. Кейін телевизия күллі Қазақстанға тарады.

Телеэфир 1958 жылдың 8-наурызында Алматыдан тарады. Қазақ телевизиясының күні деп осы күнді аталады. Осы күні республикамызда жүзден астам телеарна бар. КТК журналисттері 2018 жылы аталып өткен, қазақ ТВ 60 жылдығына орай қызықты дәйектерді жинапты:

Бірінші факт:

Дерек 1

Бастапқыда хабар тарату аптасына 5 сағат болатын. ол кезде теледидар аздық етті. Алғашқы хабар шағын студиядан таратылды. Ол шақта бұл – қаланың ең биік нүктесі болатын. Теңіз деңгейінен 850 метр биікте – Университетская және Мира көшелерінің қиылысында оналасқан (қазіргі Сәтбаев пен Желтоқсан қиылысы). Кейін Өскемен мен Қарағанды тұрғындары жергілікті телевизияны тамашалай бастайды. 1959 жылы Жезқазған, бір жылдан соң, Петропавл, Ақмола мен Орал қалаларында телевизия ашылды. 1964 жылы Балқаш пен Семей, келесі жылы Павлодарда ашылды. Уақыт өте хабар тарату көлемі де ұлғайды.

Дерек 2

Қазақ телевизиясының алғашқы тақырыбы тың. Бастапқыда қиын болды, себебі, техникалық қамсыздандыру тиісті деңгейде болмады. Алматы студиясының алғашқы хабары «Жаңа қоныстанушылар» деп аталып, тың игерушілерге арналған. Сол жылдары кеңестік ғылымның жетістіктері де насихаттала бастайды. Ғарышқа сапар, ғылым мен техниканың жетістіктері, тағы басқасы. Бағдарламалар үш камерамен жазылды: біріншісі титрды түсірді, екіншісі – студия қонақтары мен жүргізушілерді, үшіншісі архив материалдарын түсіретін.

Дерек 3

Тікелей репортаж 1961 жылы Ленин алаңынан таратылды (қазіргі Астана алаңы). Мұнда Аграрлық университет түлектері оқуын аяқтағанына орай, салтанатты жиын өтті. Ол кезде КТ-28 лампа камералары қолданылатын. Оны қолға түсіру қиын болды. Журналист оны аптасына бір қолданғанының өзі жетістік саналатын. Таспа аз болатын, барын жаңалықтарға қолданатын. Сол себепті, журналисттер суретшілермен қатар жұмыс істеп, материалдарында олардың суреттерін молынан қолданатын..

Дерек 4

«Көк-Төбе» телемұнарасын 8 жыл салды. Құрылыс 1975 - 1983 жылдар аралығында жүрді. Оның құрылысы аяқталған соң, Қазақ КСР екі жүзге жуық елді мекенінде хабар тарату мүмкін болды. Құрылысы аяқталғанда Алматы телемұнарасы биіктігі жағынан әлемдегі тоғызыншы ғимаратқа айналды. Қазір он төртінші орында. Ол 10 балл жер сілкінісіне шыдай алады, ал, жүздеген адам бомбадан жасырына алады.

Дерек 5

Қазақ теледидарының дикторы шашын алғаны үшін басшылық тарапынан сөгіс алды. Республикаға әйгілі диктор Нәлли Омарова 1960-шы жылдары Мәскеуге барып, шашын қырған екен. Алматыға оралған соң, басшылықтың қаһарына ұшыраған. Содан кейін, шаштаразға барған сайын, есеп беріп жүруге мәжбүр болған. Бір қызығы, Нәлли Омарова мамандығы бойынша сотмедсарапшы. Тележүргізуші боламын деген ойы болмаған. Тек байқауға қатысып, қазылар алқасын таң қалдырған. Сөйтіп, 700 адамның ішінен озық тұрып, кеңестік ТВ нағыз жұлдызына айналды.

Дерек 6

1995 жылы ұлттық хабар тарату спутникке ауысты. Енді біз экваторда тұрған ғарыш аппаратынан бегі алып, соны таратамыз. Қазір аналогтық телетарату цифрлы таратуға өзгертіліп жатыр. Интернет



Кітап: Кино теориясы. Эйзенштейннен Тарковскийге дейін

Дәріс: Кино және телевизия

те телевизияның дамуына өзінше ықпал етіп келеді. Технология тұрғысынан артта қалмау үшін, журналисттер онлайн-телевизияны шығарды. Оның арқасында кез-келген арнаның хабарын кез-келген уақытта, кез-келген жерден тамашалауға болады. Мұны кез-келген девайстан жасауға болады. Меда кеңістіктің технологиялық дамуын қамтамасыз етіп жүрген адамдар марапаттан да кенде емес. Айталық, биыл елордада «Тұмар» ұлттық телевизия жүлдесі үлестірілді. Мұнда сегіз номинация бар: үздік деректі кино, үздік телевизиялық сериал, үздік әлеуметтік жоба, үздік ақпараттық бағдарлама, үздік аймақтық телеарна, үздік ағартушылық бағдарлама, телевизия маусымының үздік оқиғасы. Сонымен бірге, биыл «Телевизияға 60 жыл» номинациясы бойынша отандық ТВ дамуына үлес қосқан жандар марапатталды (1).